

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Гуманитарлық-әлеуметтік факультет

81-5

Ә 18

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы

А.Әбсадықов  
А.Оразбаева

Юрислингвистиканың өзекті мәселелері

(6M050200-Филология мамандығына арналған оқу-әдістемелік құрал)

Қостанай, 2015

«А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті» РМҚ АБФ

Заказ № 8139, тираж 30  
Гарнитура Times New Roman Times/Kazakh  
Формат 60\*84/18 Бумага SvetoCopy  
Отпечатано в типографии КГУ им. А.Байтурсынова

ӘОЖ 81'42 (075)

ББК 81-5 я73

Ә-12

О-65

Рецензенттер: Б.Ахметова – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі, филол. ғ. к., доцент  
А.Қайыпбаева – А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, тіл және әдебиет теориясы кафедрасы, филол. ғ. к., доцент  
К.Есіркепова – ҚМПИ қазақ және орыс филологиясы факультетінің деканы, филол. ғ. к., доцент

Авторлар: А.Әбсадықов – филол. ғ. к., профессор, А.Оразбаева – филол. ғ. к., аға оқытушы

А.Әбсадықов, А.Оразбаева

Ә-12

О-65 6М050200-Филология мамандығы бойынша оқу-әдістемелік құрал  
Қостанай, 2015 – 68 бет

Оқу-әдістемелік құрал юрислингвистиканың өзекті мәселелерін, лингвистика мен юриспруденцияның өзара байланысты проблемаларын қарастырады. Юрислингвистиканың теориялық және қолданбалы аспектілері оқу-әдістемелік құралдың негізгі нысаны болып табылады. Оқу-әдістемелік құрал 6М050200-Филология мамандығы магистранттарына сарапшы-лингвист қызметін меңгеруге көмегін тигізеді.

ӘОЖ 81'42 (075)

ББК 81-5 я73

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Оқу-әдістемелік кеңесінің 13.05.2015ж. отырысында қаралды және ұсынылды, хаттама №2.

ISBN 978-601-7481-06-3

А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік университеті, 2015  
А.Әбсадықов, Оразбаева А., 2015

## МАЗМҰНЫ

|   |           |
|---|-----------|
| Кіріспе.....  | 4         |
| <b>1. Юрислингвистика.....</b>  | <b>5</b>  |
| 1.1 Юрислингвистика ғылымының қалыптасуы және оның зерттеу нысаны.....                      | 5         |
| 1.2 Ресей юрислингвистикасы.....  | 8         |
| 1.3 Юрислингвистика бөлімдері.....  | 10        |
| <b>2. Отандық юрислингвистика.....</b>  | <b>11</b> |
| 2.1 Юрислингвистиканың әлеуметтік аспектісі.....  | 11        |
| 2.2 Юрислингвистика және мемлекеттік тіл мәселесі.....                                      | 13        |
| <b>3. Лингвистикалық сараптама.....</b>   | <b>16</b> |
| 3.1 Лингвистикалық сараптама ұғымы.....   | 16        |
| 3.2 Лингвистикалық сараптама түрлері.....   | 19        |
| 3.3 Лингвист-сарапшы қызметі.....   | 24        |
| <b>4. Құқықтық мәтіндерді зерттеудің негізгі лингвистикалық бағыттары.....</b>              | <b>36</b> |
| 4.1 Лингвистикалық сараптама әдістері.....  | 36        |
| 4.2 Лингвистикалық сараптама – стилистикалық талдау үлгісі.....                             | 37        |
| <b>5. Лингвистикалық сараптамалық мәтіндер мінездемесі.....</b>                             | <b>39</b> |
| 5.1 Лингвистикалық сараптама шеңберіндегі даулы мәтіндер сипаты.....                        | 39        |
| 5.2 Юрислингвистика және лингвистика теориясы.....  | 51        |
| 5.4 Шындық категориясы шеңберіндегі конфликтілі мәтіндер және лингвистикалық сараптама..... | 52        |
| <b>Қорытынды.....</b>   | <b>57</b> |
| <b>Юрислингвистика пәні бойынша қолданылатын терминдердің түсіндірмесі.....</b>             | <b>58</b> |
| <b>Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....</b>  | <b>66</b> |

## Кіріспе

Оқу құралында қазіргі юрислингвистиканың теориялық және қолданбалы аспектілерінің қазақ тіл білімінде дамуы туралы мәселелер қарастырылды, сондай-ақ юрислингвистикалық концептілік талдауларға назар аударылды. Қазақстан үшін жаңа ғылым – юрислингвистиканың теориялық және практикалық мәселелерін, оның іргелі қолданбалы аспектілерін қарастыруға келесі негізгі факторлар негіз болды: юриспруденциядағы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сондай-ақ, саясаттың кейбір салаларында юрислингвистикалық мәселелердің (әлеуметтік, саяси және коммуникативті-тілдік) өзектілігі. Қазақ тілі мен қазақстандық құқықтың өзара байланысты мәселелері, лингвист-сарапшылардың міндеттері, сонымен бірге, отандық тіл біліміндегі тіл мен қоғамның түрлі қатынастары мен тілдік әрекеттестіктердің әлеуметтік аспектілері қарастырылады. Юрислингвистиканың заманауи проблемалары және лингвистикалық сараптама мәселелері сөз болады. Лингвистикалық сараптаманың сот процестеріндегі ролі, әлеуметтік тілдік конфликтілерді реттейтін юрислингвистиканың теориялық және практикалық мәселелері қарастырылды. Түрлі тілдік жағдайларды заңмен реттеу жолдары айтылады.

Әлеуметтік ортаның кез келген саласында қоғамдық қатынас құралы болып табылатын тіл табиғатының бұзылып жатқандығы байқалып тұрады. Ондай жағдайларда азаматтардың ар-ожданы заң алдында қорғалуы тиіс. Осыған орай, оқу құралында лингвистикалық сараптама азаматтардың ар-намыс, қадір-қасиеті, авторлық құқықтарын заңмен қорғауды мақсат тұтатындығы қарастырылды. Әлеуметтік тілдік конфликтілерді реттейтін юрислингвистиканың теориялық және практикалық мәселелері де сөз болды. Лингвист-сарапшы қызметінің мазмұнына талдаулар жасалды. Лингвистикалық сараптаманың сот процестеріндегі ролі және оған қойылатын талаптар мен оның міндеттері сараланды, яғни, юрислингвистиканың теориялық және практикалық мәселелері қарастырылды. Соңғы жылдары тілдің саясаттағы, БАҚ, заң салаларындағы және күнделікті өмірдегі қолданысы жаңаша сипат алды. Мемлекеттік тілді жетік білетін мамандардың аздығынан құқықтық қызметтер көбінесе ресми тілде жүзеге асырылады. Лингвистика және юриспруденцияның тоғысындағы юрислингвистика мәселелерін қарастырумен қазір юриспруденция мамандары айналысып келеді. Олар өз зерттеулерінде маман ретінде юриспруденцияның басым бағыттарын атап көрсетеді де, лингвистика қағидаларының ерекшеліктерін көрсетуді айналып өтеді. Юрислингвистика мәселелерімен арнайы лингвист-мамандар айналысуы қажет екендігі оқу құралында атап көрсетіледі.

Сот процестерінің лингвистикалық сараптама қызметіндегі негізгі тұлға – лингвист-сарапшыға қойылатын талаптар және оның міндеттері сараланады. Оқу құралы магистранттарға сарапшы-лингвист қызметін меңгеруге көмегін тигізеді.

## 1. Юрислингвистика

### 1.1 Юрислингвистиканың қалыптасуы және оның зерттеу нысаны

**Юрислингвистика** — зерттеу объектісі тіл мен заңның өзара қарым-қатынасы болатын ғылыми пән. «Юрислингвистика» термині жаңа айтылған тіл мен заңның тоғысатын аймағына қарағанда жалпы және кең болып табылып, кейбір нақты аспектілерде «соттық сөйлеу», «лингвокриминалистика», «лингвистикалық сараптама» сияқты терминдермен қатар қолданылады.

«Юрислингвистика» термині, оның түсініктемесі, құқық саласында (юрислингвистика) тілдің өзіндік жұмыс жасауымен және құқықта лингвистикалық көрінулермен (лингвоюристика) құрылған пәнді ерекше дербес феномен ретінде зерттеу тұжырымдамасы 1999 жылы Алтай мемлекеттік университетінің юрислингвистика және тіл дамыту зертханасының ғалымдар ұжымы мен лингвист-эксперттер мен оқытушылардың аймақтық ассоциациясымен (АЛЭП «Лексис») ұсынылды, ғылыми жетекшісі - профессор Голев Н. Д.

Юрислингвистиканың негізгі аспектілері арнайы заң тілінің құрылуы мен жұмыс жасауы (табиғи тіл бұл жағдайда заңшығармашылық іскерлік пен заң түсінігін беру элементі ретінде алға шығады), тілді қолдануға байланысты шыққан жанжалды заңдық реттеу (қорлау, айла әрекет жасау, озбырлық, плагиат және т.б.), республикадағы ішкі мемлекеттік және мемлекет аралық әлеуметтік тілдік қатынастарды реттеу (мемлекеттік тілдің, ұлтаралық қатынастар тілінің мәселелері). Юрислингвистика заң жобаларының сараптамалары, тілдің іскерлік даулы шығармашылықтарының соттық және тергеу сараптамалары үшін теориялық және әдістемелік негіздерді ұсынады.

Функционалдық аспектіде құқық қағидалары бір жағынан заңдық нормалар жүйесінде ынтымақтастық пен тиімділікті қамтамасыз ететін құқықтық реттеудің негізгі бастаулары ретінде көрінсе, ал екінші жағынан құқықтық қатынас қатысушыларының мінез-құлқы мен олардың коммуникативтік қатынас кемшіліктерін қарама-қайшылықтар жағдайында тікелей реттеуші ретінде көрінеді.

Жоғарыда айтылғандарды негіздей келе, юрислингвистика қағидаларының жалпы анықтамасын ұсынуға болады: юрислингвистика қағидалары – бұл оның түрлі қайнар көздерде бекітілген немесе тұрақты заңдық практикада көрінетін құқықтың жалпы әлеуметтік және өзіндік заңдылықтарының таным дәрежесін айқындайтын және іштей келісілген және тиімді заңдық норма жүйесін құру үшін қызмет ететін, сонымен қатар қоғамдық қатынастарды оның жетіспеушілік және қарама-қайшылықты жағдайында тікелей реттеуді жүзеге асыратын жалпыға міндетті негізгі идеяларды жүзеге асыруды көздейді.

Демократиялық құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылған бұрынғы Кеңестер Одағы құрамындағы республикалар тәуелсіздік алған соң заңдар мен заңнамалық құрылымды жетілдіруді қолға ала бастады. Осы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерден келіп заңдардың тілін әрбір ұлттық

әдеби тілде жетілдіру қажеттігі туындады. Бұл қажеттіліктен лингвистика ғылымында заңнамалық лингвистика саласы пайда болды.

Юрислингвистика — тіл білімінің жаңа саласы. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысқан байланысынан пайда болғандықтан пән аралық сипаттарға ие. Тіл мен құқықтың өзара байланысы мәселелерімен заңгерлер де, лингвисттер де шұғылданып келеді. Юрислингвистика немесе заңнамалық лингвистика сауалдарымен көне Рим заңгерлері заң мәтіндері мазмұнының нақты да түсінікті болуы тұрғысында айналысқан. Демек, қоғамдық өмірдегі адам құқысының адам тілімен тығыз байланыстылығы дәл «заңнамалық лингвистика» деп аталмаса да оның жекелеген сұрақтары адам қоғамы пайда болғалы бері бар деген сөз. Ал заңнамалық лингвистика ғылым саласы болып өткен XX ғасырдың соңғы он жылдығында қалыптаса бастады. Заңнамалық лингвистиканың ғылым саласы болып туып-қалыптасуына А. Н. Баранов, Н. Д. Голев, П. А. Катышев, Т. В. Чернышев, К. И. Бринев секілді орыс лингвистері өз үлестерін қосып келеді.

Лингвистикалық сараптамаға заңдық күш беру үшін 2 аспектіде, яғни мәтіндердің коммуникативтік және қызметтік-әрекеттік сипаттарын қарастырады. Мәселен, бүлдіргі парақшалар тарату. Оның мазмұны ұлт араздығын қоздырудан бастап, мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгерту немесе құлатуға шақыру болуы мүмкін. Мәтіндердің коммуникативтік сипаты дегеніміз — мәтін мазмұнындағы ақпараттың қоғам өкілдеріне қандай мақсат-мүддемен жеткізілуі, ал мәтіндердің қызметтік-әрекеттік сипаты дегеніміз — коммуникативтік мәтін мазмұнының іс жүзіндегі нәтижесі. Ресей юрислингвистикасының келесі бір саласы — құқықтық коммуникация. Коммуникацияның жалпы теориясының негізгі ережелерін қалыптастырған америкалық лингвисттер К. Шеннон мен Р. Якобсондардың еңбектерін негізге ала отырып, құқықтық коммуникацияға орыс ғалымы Н. А. Любимов «қоғамдық өмірдегі құқықтық ақпаратты қоғамдық өмірде заң шығарушыдан заң қолданушыға жеткізу» (Любимов Н. А. К вопросу о правовой коммуникации в законотворчестве // Юрислингвистика — 3: Проблемы юрислингвистической экспертизы. Ирбис. Сервер электронных публикации ММЦ АГУ) деген анықтама береді. Құқықтық коммуникацияның басты мақсаты - заңгер мен заңгер емес адамдардың бір-бірін түсінісуі, заң атаулыны жалпы халықтың игеруі болып табылады.

Заңнамалық лингвистиканың келесі бір сауалы — заңнама тілінің түсінікті, айқын, анық болуы. Бұл сауалға жауап іздеудің түпкі мұраты құқықтану тілінің қарапайым жалпы халықтық тілден әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бірі ретінде ерекшеленетінінде жатыр. Онда қолданылатын терминдер мен ұғымдар, сөз тіркестері мен сөйлемдердің синтаксистік құрылымының белгілі бір ережеге бағынған тұрақтылығы бар. Зерттеушілер әдеби тілдің басқа стильдік тармақтарындай тең түсінілуі үшін халықтың ізденісі мен сауатының мәдениеті көтерілуі керек деген түйін жасалады. Америкалық және Англиялық заңгерлер мен лингвисттердің зерттеулерінің негізгі пәні — құқық саласының маманы емес адамдарға

заңнамалық құжаттардың тілі мен стилін түсіндіру. Ал негізгі тақырыбы болып сот процесіндегі лингвистикалық сараптама алынды. Нақтылап айтқанда, лингвистикалық сараптамадан гөрі лингвистикалық түсіндіруге немесе түсініктемеге ұқсас. Олар: полициялық тексеріс барысында жауапқа тартылған адамдар мен полицияның өзара түсінісуі; сотқа дейінгі және сот барысындағы аудармашының рөлі; судьялар мен алқа билердің сөздері мен нұсқауларын түсіндіру. Бұл елдердің заңнамалық лингвистикасы заңдық істерді аударудағы аудармашының орнына ерекше көңіл бөледі. Себебі аудармашы — екі тілдің ғана емес, екі мәдениет пен екі әлеуметтік топтың көпірі. Аударманың заңдық құжаттар мен іс-әрекеттердің бірегейлігі (эквивалентность) мен сайма-сайлығы (адекватность) аудармашыдан лингвистикалық қана емес, құқықтық білімнің болуын талап етеді. Олай болмаған жағдайда аудармашыдан маңызды ақпаратты қалдырып кету, терминдердің орнын ауыстырып алу, ресми іс қағаздары сөздерін жалпы қолданылатын лексикамен беру, бірнеше сөзді жалпы бір терминмен атай салу, нақты аударудың орнына еркін аударма жасау, тілдік табуларды эвфемизммен алмастыру секілді қателіктер кетеді. Бұл қателіктер сот процесіне қатысушыларға жалпы айтқанда моральдық немесе материалдық залалдар келтіреді. Адамның ар-намысына, абыройы мен беделіне нұқсан келтірген, жан дүниесін күйзеліске ұшыратқан сөз жүзіндегі және іс жүзіндегі әрекеттерге заңдық тұрғыда баға беру үшін лингвистикалық сараптама жасау керек болады. Ол үшін лингвистикалық сараптаманың нысанын, құрылымын және міндеттерін айқындап алу қажет.

1. Лингвистикалық сараптама — ғылыми зерттеудің нысаны.

Лингвистикалық сараптама заң тұрғысынан шешілуі керек мәселенің жан-жақты, объективті болуын, яғни дәлелдеменің әділ болуына негіз болады. Лингвистикалық сараптама — ғылыми зерттеу ретінде заңнамалық лингвистиканың дербес саласы. Лингвистикалық сараптаманы ғылыми зерттеу санатында қарастыру үшін тіл мен құқықтың 3 түрлі қатынасын алғаш анықтаған Н. Д. Голев өзінің «Юридический аспект языка в лингвистическом освещении» деген еңбегінде:

1) тіл — құқықтық реттеудің нысаны;

2) тіл — реттеуші құрал;

3) сот мәжілісінде даулы мәтінді сараптау екендігін атап өтеді. Соңғы, дауды мәтінді сараптау, заңнамалық лингвистиканың тарауы болып табылады, лингвистикалық экспертиология деп те аталады.

2. Лингвистикалық сараптаманың құрылымы.

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» 2010 жылғы 10 қаңтарда қол қойылған Заңында төмендегідей негізгі ұғымдар тізбеленген. Бұл ұғымдар лингвистикалық сараптамаға да тікелей қатысты. Олар: арнайы ғылыми білім, сараптаманың қорытындысы, соттық-сараптамалық қызмет, сот-сараптамалық қызметпен шұғылдануға лицензия, соттық-сараптамалық зерттеудің әдістемесі, соттық-сараптамалық зерттеудің әдістері, соттық сараптама қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді арнайы ғылыми білім негізінде шешеді, сот сараптамасының пәні, сот сараптамасының



## Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### Негізгі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». «Егемен Қазақстан» 7 ақпан 2008 № 36.
2. Таусоғарова А.Қ. Сот-лингвистикалық сараптама мәселелері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 103 б.
3. Жүзбаев Б.Т. Криминалистикалық сараптамаларды жіктеу мәселелері/Б. Т. Жүзбаев // ҚР ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы=Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел РК, 2011. т.№4.-С.43-45
4. Жалмаханов Ш.Ш. Заңнамалық лингвистиканың (юрислингвистиканың) жалпы сипаттамасы/Ш. Ш. Жалмаханов, Ж. Ш. Жалмаханова // ҚР ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы=Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел РК, 2012. т.№3-4.-С.49-52
5. Аманбай Е.Ж. Лингвистика сараптама мәселесі/Е.Ж. Аманбай // Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының жаршысы=Вестник Института законодательства Республики Казахстан, 2010. т. №4.-С.137-138 б.
6. Абдукаримова З.Т. Құқықтық сараптама және оның заңның тиімділігі мен сапасына әсері/З. Т. Абдукаримова // ҚазҰУ хабаршысы.Заң сер. = Вестник КазНУ.Сер.юридическая, 2010. т.№1.-С.12-171.

### Қосымша:

1. Баранов А. Н. Лингвистическая экспертиза текста: теория и практика: учеб. Пособие. — М., 2007.
2. Бринев К. И. Теоретическая лингвистика и судебная лингвистическая экспертиза, Барнаул, 2009.
3. Юрислингвистика-3: проблемы юрислингвистической экспертизы: Межвузовский сборник научных трудов / Под ред. Н. Д. Голева. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2000
4. Юрислингвистика 7: Язык как феномен правовой коммуникации, Барнаул, 2006.
5. Юрислингвистика 8: русский язык и современное российское право. Барнаул, 2007.
6. ГК РК Алматы, Юрист 2006, С.103-104
7. Артыкбаев Ж.О. Жеті Жарғы. Алматы, Заң әдебиеті, 2004, 150б